

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№8 хаттамасы**

**Қордай ауылы
«AMANAT» партиясының мәжіліс залы**

**28.08.2025 жыл
сағат 15:00**

Шақырылғандар:

1. Қордай ауданының білім бөлімінің басшысы – Аширбеков Санат Сағымбекович;
2. Қордай ауылдық округі әкімі – Қаспақбаев Әділет Медербекович;
3. Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысының м.а. – Байбек Ерлан Серікұлы;
4. БАҚ өкілдері.

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 9 адам.

Қатыспағандар: - 2 адам себепті (Ағыбаева К– денсаулығына байланысты, Апаева Т- себепті).

Қатысқандар: - Төлебаев Аркабек - Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің Төралқа мүшесі, Сейітбеков Сейдахмет Сейіткерімұлы - Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Есен Рымқұлов - Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесі комитетінің мүшесі, Қордай аудандық мәслихатының төрағасы – Садықов Нурдин Есенгельдиевич, Қордай аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 9 адам.

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков

Хатшы: - Р.Имашева

Күн тәртібі:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөлімінің жаңа оқу жылына дайындық мәселелері туралы;
 2. Қордай ауылдық округі әкімінің әлеуметтік-экономикалық дамыту бағытында 2025 жылдың 7 айдағы атқарылған жұмыстары мен көрсетілген мемлекеттік қызметтері бойынша есебі;
 3. Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің 2025 жылдың 7 айдағы бөліммен көрсетілген мемлекеттік қызметтері бойынша атқарған жұмыстары туралы;
 4. Өртүрлі мәселелер (Жамбыл облысы электр жүйесі ЖШС «Қордай АЭЖ», «Қазақ телеком» Қордай ауданы бойынша сату бөлімі, Қордай газ шаруашылықтарының 2025 жылға бекітілген тарифтері бойынша ақпараттары және жұмыстарын зерделеу – жауапты комиссия «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын дамыту мәселелері» жөніндегі комиссиясына қыркүйек айына зерделеу жүктеледі.
- Молдабеков Н.С.: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша – Н.Молдабеков:

Жиынды регламентті бекітейік: - 5 минут

Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?

Ұсыныс – Бекітілген.

Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.

Баяндамашыларға 5-7 минуттан уақыт белгілейік,

Сөз сөйлеушілерге - 5 минуттан уақыт белгілейік, келіссөздерме?

Басқа ұсыныс бар ма? Жок. Онда ұсынысты дауысқа қоямын.

Қарсы? – жок. Қалыс? – жок.

Молдабеков Н.С. - Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөлімінің жаңа оқу жылына дайындық мәселелері туралы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөлімінің жаңа оқу жылына дайындық мәселелері туралы» – Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы – Жаманғозов Бейкүт Тілебалдыұлы баяндайды, - деді.

Жаманғозов Б.Т. – өз сөзінде Қоғамдық кеңестің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 18 тамызында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Қордай аудандық білім бөлімінде жаңа 2025–2026 оқу жылына дайындық барысын зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Зерделеу нәтижесі бойынша төмендегідей мәліметті назарларыңызға ұсынамын:

Зерделеу барысында оқу процесін ұйымдастыру бағытында тиісті іс-шаралар жоспары бекітіліп, оның орындалуы қамтамасыз етілгені, оқушылармен толық қамтамасыз етілу жұмыстары аяқталғаны және оқу үдерісінің үздіксіз сақталғаны анықталды. Жалпы аудан мектептерінде 27 629 оқушы білім алууда, оның ішінде биыл 1-сыныпқа 2 105 бала қабылданған, бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 50 оқушыға артық.

Аудандағы 48 мектепте 3 748 педагог жұмыс істейді, олардың барлығы кәсіби біліктілікті арттыру курсынан өткен. Мұғалімдердің 60 пайызы жаңа форматтағы аттестаттаудан өткен, ал кәсіби санаттар бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор және педагог-шебер дәрежелерін иеленген. Дегенмен, 15 білім беру ұйымдарында басшылық лауазымы бос, бұл кадрлық саясатты жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Әлеуметтік осал санаттағы 7 180 оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдарын сатып алуға (Республикалық және облыстық бюджеттен) 340,3 миллион теңге бөлінген (әр балаға 53117 теңге).

Сонымен қатар, материалдық-техникалық базасына келер болсақ:

Білім беру нысандарының инфрақұрылымын жаңғырту аясында Қарасу ауылында орналасқан №7 А.Пушкин атындағы мектепте 699 миллион теңге көлемінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары белсенді түрде жалғасуда, ал оларды 2025 жылдың қыркүйек айына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Аудан бойынша бірқатар мектептер мен балабақшаларда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген (Қаракермет ауылындағы «Ырыс» балабақшасына жылыту жүйесі мен шатыр жабындысы, Үлкен Сұлутөр ауылының М. Қозыбаева атындағы орта мектебінің шатырын жөндеу, су және жылыту жүйесі).

Сондай-ақ білім бөліміне қарасты бірнеше мектептердің ағымдағы жөндеу жұмыстарына өтінімдер берілген.

Анықтама ретінде: - Шерхан Мұртаза атындағы негізгі мектебінің спортзалындағы еденін ауыстыруға 27 424 163 теңге.

- Шерхан Мұртаза атындағы негізгі мектебінің қасбетін жөндеуге 6 205 481 теңге

- №35 Рза Қунакова атындағы орта мектебінің шатырын жөндеуге 20 491 671 теңге

- Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебінің шатырын жөндеуге 31 191 068 теңге.

- Мұстафа Шоқай атындағы орта мектебінің 7 049 168 теңге.

- №36 Ныгмет Сауранбаев атындағы негізгі мектебінің еденін ауыстыруға 20 087 267 теңге.

- №3 Абай Құнанбаев атындағы орта мектебінің бастауыш сыныптар оқитын мектеп корпусын жөндеуге 8 542 613 теңге.

Қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында 25 мектепке мамандандырылған күзет енгізу, 48 мектепке дабыл түймелерін орнату және балабақшаларға қауіпсіздік жүйелерін енгізу жұмыстары жүргізілуде. Жылыту маусымына дайындық шеңберінде 65 қазандық іске қосылды, оның ішінде 26-сы газбен, 38-і көмірмен, 2-і сұйық отынмен жылытылады.

Елді мекендерде газ тартылғанына қарамастан, бүгінгі күнге 19 мектепте әлі де көмірмен жылытылады, бұл мәселені шешу үшін нақты шаралар қабылдау қажет.

Жүргізілген зерделеу нәтижесінде Қордай ауданының білім беру ұйымдарында 2025–2026 оқу жылына дайындық жұмыстарының жалпы алғанда жүйелі түрде ұйымдастырылғаны байқалады. Атап айтқанда, оқу процесін ұйымдастыру, оқулықтармен қамтамасыз ету, педагог кадрлардың біліктілігі мен әлеуметтік қолдау шаралары бағытында нақты жұмыстар атқарылған. Сонымен қатар, материалдық-техникалық база мен инфрақұрылымды жақсарту, жылыту маусымына дайындық және қауіпсіздік жүйелерін енгізу бойынша шаралар қолға алынған.

Дегенмен, зерделеу барысында төмендегідей мәселелер анықталып, оларды шешу мақсатында мынадай ұсыныстар енгізіледі:

Басшылық лауазымдары бос тұрған білім беру ұйымдарына білікті кадрларды тағайындау бойынша тиісті шаралар қабылдау қажет.

1. №7 А.Пушкин атындағы мектептегі күрделі жөндеу жұмыстарының орындалу қарқынын жеделдетіп, орындалған жұмыс актілерін уақтылы рәсімдеу және қаржыны тиімді игеру қамтамасыз етілуі тиіс.

2. Газ тартылған білім беру ұйымдарының көмірмен жылытуын тоқтатып, толық газ жүйесіне көшу бойынша нақты қадамдар қабылдануы қажет (Аудан әкімдігінің ТКШ, ЖК және АЖ бөлімімен тиісті шараларды қабылдау).

3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына бөлінетін қаржының мақсатты әрі тиімді игерілуін бақылау күшейтілуі тиіс.

4. Қауіпсіздік талаптарына сәйкес, барлық білім беру ұйымдарында дабыл түймелері мен бейнебақылау жүйелерін толық орнату және күзет қызметін сапалы ұйымдастыру қажет.

5. Қосымша жөндеуді қажет ететін білім беру мекемелері бойынша өтінімдердің орындалуын бақылауға алып, олардың техникалық жағдайын жақсарту жөніндегі жұмыс жалғастырылуы тиіс.

Молдабеков Н.С. - Баяндама аяқталды. Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Молдабеков Н.С. - Бұл мәселе бойынша сөз Қордай ауданының білім бөлімінің басшысы – Аширбеков Санат Сағымбековичке беріледі. Өз сөзінде: Бүгінде қоғамдық кеңестер «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен үйлесіп, азаматтық қоғам құрылымына еніп үлгерді. Әлеуметтік бетбұрыс пен саяси трансформация қарапайым азаматтардың өміріне, қоғамның ауқымды мәселелерін шешу кешенді зерттеуді және қалыптасқан саяси-экономикалық және әлеуметтік салалардағы реформаны ғылыми негіздеуді талап етеді.

Жаңа 2025-2026 оқу жылында 48 мемлекеттік мектепте 27383 оқушы білім алуға даяр. Оның ішінде 1 сынықа келетін бүлдіршіңдер саны 2105. Аталған оқушыларды жаңа оқу жылына 3748 педагог қарсы алмақ. Педагогтеріміздің барлығы жаңа оқу жылы қарсаңында медициналық тексеруден толық өтіп бюджеттен 13 млн 990 мың теңге жұмсалды. Балаларға жан-жақты білім алуға бюджет мүмкіндігіне материалдық-техникалық тұрғыдан керекті базалармен қамтуға барынша жұмыс жүргізілуде.

Жаңа оқу жылына даярлық барысында барлық мектептердің ғимаратына ағымды жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бюджеттен бөлінген 55 млн 500 мың теңгеге қажетті құрылыс заттары алынды. Ал, Қарасу ауылындағы №7 А.С. Пушкин атындағы орта мектебінің ғимараты толығымен күрделі жөндеуден өтіп оған бюджеттен 697 млн 046 мың теңге жұмсалса, Қаракөмер ауылындағы «Ырыс» балабақшасының шатыры мен жылу жүйесі 4 млн 990 мың теңгеге жөнделді.

Өздеріңізге мәлім, Президентіміздің тапсырмасы бойынша үш ауысымды және апатты мектептердің тапшылығын шешу үшін «Жайлы мектеп» жаңа ұлттық жобасы аясында берген тапсырмасына сай еліміздің жаңа үлгідегі мектептер бой көтеріп, қолданысқа беріліп келеді. Бұл жаңа үлгідегі «Келешек мектептердің» бірі ауданымыздың Қарасу ауылындағы 300 орынға және Қаракөмер ауылындағы 300 орынға толық жабдыкталып салынып, 2026-2026 жаңа оқу жылына берілетін болады. Бұл мектептерде оқушылардың жан-жақты терең білім алуына жағдай жасалған.

Қазіргі буынның цифрлық технологияларды толық меңгеруі- қоғам талабы. Сондықтан цифрлық сауаттылықты дамыту үшін, бірінші кезекте интернет желісінің маңызы зор. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес барлық мектептерге интернет жылдамдығын жоғарғы интернетке қосу, тартылмаған мектептерді бәрін жылдамдығы жоғары интернетке қосу тапсырылған болатын. Қазіргі таңда, аудандағы 48 мектептердің 39-ы 20,50,100 мб/сек жылдамдықты құрайтын интернет желісінің оптикалық-талшықтық технологиямен жұмыс істесе, 4-еуі 20-50 мб/сек радио-мост және 5 мектеп спутник арқылы 150 мб/сек жылдамдықтағы қосылған.

Үстіміздегі жылы электронды оқулықтар мен көркем әдебиеттерді алуға 11 баспамен келісім-шарт жасалып, оған бюджеттен 285 млн.теңге жұмсалды. Сондай-ақ, жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік осал топтан шыққан мектеп жасындағы балаларды мектепке даярлау үшін ауданның меценаттары мен кәсіпкерлері республикалық «Мектепке жол» акциясына қатысып, демушілер бүгінге күнге 350-ге жуық балаға материалдық көмек көрсетті. Әсіресе Сортөбе ауылындағы «Сортөбе жастары» атты жастар ұйымының қолдауымен 200-ден аса балалардың мектепке қажетті оқу құралдары мен мектеп формаларын алуға қолдау көрсеткенін атап өтуге болады. Аталған акция қыркүйек айының соңына дейін жалғасады. Бұдан бөлек аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 5028 оқушыға мектеп формасын, оқу-құрал жабдықтарын алуға облыстық және республикалық бюджеттен 381 млн 380 мың 60 теңге бөлінді. 1 балаға-53117 теңгеден ата-аналарының дербес шоттарына аударылды.

Мектебі жоқ 10 шалғай елді мекенде тұратын 346 оқушыны тасымалдау ұйымдастырылған. Оның ішінде 9 елді мекенді жеке кәсіпкерлер және 1 елді мекенді білім бөлімінің бағынысында (Сарыбұлақ, Жамбыл, Әлжан ана, Ноғайбай, Шарбақты, Алға, Құнбатыс-2, Ауқатты, Отар, Бәйтерек).

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық 48 мектепке бақылау камералары қойылып, дабыл түймелері орнатылған, бала саны 700 –ден асатын 25 мектепке арнайы күзет қызметі ұйымдастырылды.

Білім саласы ауданымыздың ең үлкен сала, сондықтан болашақ ұрпақ тәрбиесі мен талабы, осы мектеп абырғасынан қаланған білімге байланысты. Ал, сапалы білім мен тәрбие беру үшін, білікті маман мен оның жұмыс орнының материалдық-техникалық жағдайының жеткілікті болуы тиіс. Десе де ауданымызда шешімін таппай отырған М.Төлебаев атындағы өнер мектебі ғимаратының жоқтығы, күрделі жөндеуді қажет ететін білім ошақтарының жағдайы, газ кіргізілген елді мекендердегі 19 мектептің қазандықтары әлі күнге дейін қатты отынмен жылытылуы (№7, №8, №9, №10, №12, №13, №14, №16, №17, №18, №19, №48, №40, №34, №41, №42, №43, №38, №39).

Жоғарыда аталған мәселелердің шешімін табу мақсатында білім бөлімі шаралар қабылдап, бюджеттік өтінімдер мен тиісті салаларға хат жолдап келеді.

Молдабеков Н.С. - Білім бөлімінің басшысына сұрақтарыңыз бар ма? Жок. Қолдарыңызда шешім жобасы бар, алып қосарларыңыз бар ма? Жок.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Қордай аудандық білім бөлімінің басшысы С. Аширбековтың есебі назарға алынып;

2. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Қордай аудандық білім бөлімінің басшысы С. Аширбековке ұсынылады:

1) №7 А.Пушкин атындағы мектептегі күрделі жөндеу жұмыстарының орындалу қарқынын жеделдетіп, орындалған жұмыс актілерін уақтылы рәсімдеу және қаржыны тиімді игеру қамтамасыз ету;

2) Газ тартылған білім беру ұйымдарының көмірмен жылытуын тоқтатып, толық газ жүйесіне көшу бойынша нақты қадамдар

- 3) Ағымдағы жөндеу жұмыстарына бөлінетін қаржының мақсатты әрі тиімді игерілуін бақылау;
 4) Қауіпсіздік талаптарына сәйкес, барлық білім беру ұйымдарында дабыл түймелері мен бейнебақылау жүйелерін толық орнату және күзет қызметін сапалы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
 5) Қосымша жөндеуді қажет ететін білім беру мекемелері бойынша өтінімдердің орындалуын бақылауға алып, олардың техникалық жағдайын жақсарту жөніндегі жұмыс жалғастыру;
 6) Осы шешімнің орындалуы барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 1-ші желтоқсан айына беріледі.
 4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жаманғозов).

Шешім қабылданды.

1. Молдабеков Н.С. - Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Қордай ауылдық округі әкімінің әлеуметтік-экономикалық дамыту бағытында 2025 жылдың 7 айдағы атқарылған жұмыстары мен көрсетілген мемлекеттік қызметтері бойынша есебі» - «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия» төрайымы Алматаева А.Т баяндайды. - дейді. Ол өз сөзінде былай деді, аудандық Қоғамдық кеңестің 2025 жылға арналған жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың тамыз айында Қордай ауылдық округіндегі атқарылып жатқан жұмыстарға қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Қордай ауылдық округінің әкімі Қаспақбаев Адлет Меделбекұлы, зерделеу жүргізілген күндері 2025 жылдың 21-22 тамыз күндері еңбек демалысында болған, у.м.а. Мейірхан Төреханұлы Оналбаев. Ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық өкілеттіктерге не және әкімнің барлық функцияларын жүзеге асырады. Бұл өкілеттіктерге әкім аппаратын басқару, жергілікті бюджетті ұйымдастыру және атқару, коммуналдық меншікті бақылау, сондай-ақ ауылдық округтің құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау жатады. Осыған қарамастан, ауыл округі әкімінің уақытша міндетін атқарушы екі күн қатарынан қоғамдық кеңес мүшелерін қажетті материалдармен қамтамасыз ете алмады. Зерделеу жұмыстары тамыз айының 26 күні әкім жұмысқа шыққан күні жүргізіліп, төмендегілер анықталды:

Жердің экспликациясы, га

Жалпы жер көлемі	Ауыл шаруашылық алқабы	
	Жалпы:	
21 028	Егістік	14 998
	Жайылым	7498
	Шабындық	6758
		548

P/c	Ауылдық округ	Округ орталығы	Аула саны	Халық /аула саны
1	Қордай	Қордай	8794	29 541
	Қордай		8794	29 541

Балалар саны	Жастар саны		Зейнеткерлер саны	Экономикалық белсенді халық саны
	0 ден 14 жас	15 тен 17 жас		
10090 (0-6 жасқа дейін - 4434)	15 тен 17 жас	18 ден 25 жас	4759	12723
	1969	3666		

Туылған нәресте саны	Қайтыс болғандар саны	Келгендер саны	Кеткендер саны
207	133	42	58

Ауылдық округ тұрғындарының ұлттық құрамы

P/c	Ұлттар	Саны (адам)	Пайызы
1	Қазақ	19824	66,9
2	Орыс	7278	25
3	Өзірбайжан	803	2,7
4	Түрік	11	0,04
5	Неміс	118	0,4
6	Дүнген	508	1,67
7	Шешен	52	0,29
8	Қырғыз	135	0,4
9	Өзбек	171	0,6
10	Беларусь	27	0,1
11	Татар	130	0,4
12	Ұйғыр	96	0,3
13	Басқалар	388	1,2
	Барлығы	29541	100

Қордай ауылдық округі бойынша сандық көрсеткіштер

1	Мектеп саны, о.і.	16
	мемлекеттік	8
	жеке меншік	8
2	Мұғалімдер саны	716
3	Оқушылар саны	7618
4	Бала-бақша саны, о.і.	27

	мемлекеттік жеке меншік	3 24 3915
5	Бала-бақпала тәрбиеленушілер саны	18
6	Денсаулық сақтау нысаны, о.і. мемлекеттік жеке меншік	2 16 226
7	Дәрігерлер саны	11
8	Спорт нысаны	135
9	Спорт саласының қызметкерлерінің саны	3
10	Мәдениет нысаны	82
11	Мәдениет саласының қызметкерлерінің саны	32
12	Шаруа қожалықтар саны, о.і. - егін шаруашылығы - мал шаруашылығы	12 20 3686/7381
13	Жеке кәсіпкерлер саны/ жұмыс істейтін адам ЖШС/ жұмыс істейтін адам Оның ішінде: сауда/ жұмыс істейтін адам өндеу өнеркәсібі/ жұмыс істейтін адам қызмет көрсету саласы/ жұмыс істейтін адам басқа да/ жұмыс істейтін адам	702/1415 0 5/147 3/80 694/1188
14	Дүкен саны/ жұмыс істейтін адам	159/238
15	Кафе, тойхана/ жұмыс істейтін адам	43/151
16	Сұлулық салоны/ жұмыс істейтін адам	33/132
17	Дәріханалар/ жұмыс істейтін адам	22/44
18	Мешіт саны	4
19	Ауылшаруашылық техника саны, о.і.:	157
	1. комбайн	9
	2. трактор	47
	3. басқа да техникалар	101
20	Жұмыссыздар саны	299
21	Мүгедектер саны о.і.: 1-топ 2-топ 3-топ 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар	1290 131 478 467 214
22	Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны	102 отбасы 518 адам
23	Мал басы саны	106424
-	МІҚ	25742
-	Қой мен ешкі	63976
-	Жылқы	1424
-	Құс	15282

24	Ауылыш жолдардың ұзындығы, шк	155,12 шақырым
	Оның ішінде:	
	Қатты жабындымен	141,96 шақырым
	Жаксы қанағаттарлық жағдайдағы	7,16 шақырым
	қанағаттарлық жағдайдағы	5 шақырым
	қанағаттанарлықсыз жағдайдағысы	1 шақырым
25	Орталықтандырылған сумен пайдаланатын адамдар саны	13379
26	Табиғи газбен қамтылған адам саны	31697
27	Жалпы аула санынан табиғи газбен қамтылған аула саны, АЕМ бойынша, %	8794 аула, 99,7%
28	Жолды жарықтандыру, АЕМ бойынша %	46,74%

Қордай ауылдық округінде істер номенклатурасы бекітілген. Номенклатураға сәйкес жұміс папкілері мен журналдары ашылған. Жыл басынан жеке және Заңды тұлғалардан түскен өтініштер саны – 516, оның

Қанағаттанды-363

Түсініктіме берілді -44

Токтатылды 29

Басқа мекемелерге жолданды-40

Қалғаны -40

Қордай ауылдық округі әкімінің аппаратында «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген) Қағидаларына сәйкес төмендегідей мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1. Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту;
2. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
3. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру;
4. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
5. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу.

Ағымдағы жылдың 7 айының қорытындысымен 294 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның ішінде, 192 оң шешім берілген, 18 бас тартылып, 84 өтініш іесімен кері қайтарылған.

Зерделеу барысында заңбұзушылықтар анықталды. Алайда аталған заңбұзушылықтарға қатысты ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті тарапынан мониторинг жұмыстары жүргізіліп, заңбұзушылықтар анықталған. Бұл бойынша анықталған заңбұзушылықтарға жол берген жауапты маман М. Туруспаевтың тәртіптік жауапкершілігі қарастырылған.

Осыған қарамастан, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес кез келген келіп түскен өтініш өтініштің мазмұны бойынша қысқаша деректері өтінішті есепке алу журналында және тіркеу нөмірін тағайындау арқылы тіркелуі тиіс.

Өтініштің тіркеу нөмірі автоматты түрде толассыз тәртіпте беріледі. Бірақ, жер учаскесін қосып алу, жер нысан мақсатын өзгерту, жер учаскесін алу т.с.с. мәселелермен қайырылған азаматтардың өтініштерін тіркеу журналы нөмірленбеген, тігілмеген, мөр басылмаған. Сонымен қатар, 2025 жылғы арналған журналда 2023 пен 2024 жылғы өтініштер тіркелген. Мысалы; 18.02.2025 жылғы Р. Узақбаевтың №48 өтінішінен кейін Г.Ақпаевтың №49 30.04.2024 жылғы өтініші одан кейін 20.10.2023 жылғы Б.Иманбаевтың №50, 20.10.2023 жылғы Д.Агабекзаденің одан кейін 30.10.2023 жылғы №51-№57-ші нөмірлі 7 өтініш тіркеліп, қайтадан №57 нөмірмен 25.02.2025 жылғы Г.Хусейинованың өтініші тіркелген. Осы жағдай 2024 жылдың журналында орын алуға жердің нысаналы мақсатын өзгерту туралы С.Аманбаевтың 15.10.2024 жылғы №193 өтінішінен кейін С.Джуманованың 15.10.2023 жылғы 194 өтініші тіркелген, одан кейін осы нөмірмен 17.10.2024 жылғы азаматша Г.Айдарованың жер учаскесін қосып алу туралы өтініші тіркелген. Шешімдерді тіркеу журналы да тігілмеген, нөмірленбеген, мөр басылмаған. Сонымен қатар, шешімдерді тіркеу журналында ауыл округінің әкімі 11.08.2025-10.09.2025 ж. еңбек демалысында болуына қарамастан, бұйрық бар, журналда қол қойылғандығы жайлы белгі қойылған.

Сонымен қатар «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағы 6) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйретуге міндетті. Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты мамандар кемінде әр 3 жыл сайын біліктілігін арттыру курсынан өтуге міндетті.

Әкімдіктің жауапты маманы 2022 жылы біліктілік арттыру курсынан өткен. Осыған байланысты, 2026 жылы аталған маманның біліктілігін арттыру курсынан өтуін қамтамасыз етуді ұсынылады.

Визуалды тексеру нәтижесінде әкімдік ғимаратының кіреберісінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттық тактайша орналастырылғаны анықталды.

Сонымен қатар, мүгедектерге қолайлы орта құру мақсатында төбесі, тайғақ емес жабынмен жабылған, екі жағында стандартқа сәйкес келетін тұтқалары бар пандус орнатылған. Мүгедектердің автокөлігіне арналған автотұрақ бар. Көзі нашар көретін заңи жандар үшін тактильді жол орнатылған. Құлағы нашар еститін немесе естімейтін мүгедектер үшін дыбыстық қондырғы жоқ. Брайль қарпімен жазылған мекеме атауы жоқ. Ғимарат ішінде тактильді жол бар, қабырғаларда тұтқалар орнатылмаған. Сонымен қатар, ғимарат ішінде мүгедектерге арналған санитар жок.

Қордай ауыл округінің бюджетіне түсетін жергілікті салық түсімдерін зерделенгенде жеті түрлі салықтың алты түрінен артығымен орындалған. Жеке тұлғалардан алынатын мүлік салығы жеті айлық жоспарға 86,17 %, ал жылдық жоспарға 61,2 % ғана орындалған. Жыл аяғының жақындауына қарағанда бұл көрсеткіш өте төмен нәтиже.

Жалпы жергілікті табыс салығы 2025 ж-686 861,0 теңге жоспарланған, нақты-724596,8 теңге болып, жоспар 140,34 % орындалған. Осы табыстардың жұмсалыуы туралы зерделеуді жүргізе алмадық, өйткені жергілікті өзін-өзі басқару заңына сәйкес бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жергілікті қоғамдастық комиссиясы құрылмаған. Ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг есепті тыңдау және талқылау болмаған. Себебі, қоғамдастық комиссиясы жоқ, құрылмаған. Демек, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23

аңтардағы «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңы мен ҚР Ұлттық Экономика министрінің 2017 жылдың 7 тамыздағы №295 бұйрығы, Республикалық қаржы министрлігімен келісілген Ұлттық экономика министрінің 2021 жылдың 21 маусымдағы 65 бұйрықтары есерілмей, орындалмаған. Жергілікті қоғамдастық құрылмаған, құрамы, есеп беру, сайлау жиналыстары туралы хаттамалар жоқ, ереже құжаты жасалмаған. Оны ауылдық округтің әкімі Ә.Қаспақбаев та мақұлдады. Бас маман - есепші қызметтік хат берді. Яғни, ауыл округінде жергілікті қоғамдастықтың ролі мен маңыздылығына мән берілмеген. Бюджетке өзгерістер енгізу кезінде ардагерлер кеңесіндегі белгілі топ болып алған адамдар қол қоя салады. Төрағасы болып ешкімді сайламаған, сайланбаған Б.Байшымыров, ардагерлер кеңесінде де сол кісі-екі креслоны да басқарып отыр. Әрбір екі жылда, екі реттен артық емес, төраға сайланып отыруы керек. Бұл округте сегіз жыл сол бір адам формальді түрде төраға. Таза Қазақстанға белсенді араласу үшін Қордай ауыл округінде қоғамдық ұйымдардың жетекшілерінің үй, көше, кварталдар комитетінің құрудағы нақты істері қажет. Қағаз жүзінде аудандық ардагерлер кеңесі облысқа 54 комитет бар деп ақпарат берген, ол өз кезегінде құрылған екен, бүгінгі күнге ескерусіз қалған. Міне осы істі жаңғыртса таза Қазақстанға елеулі үлес қосылар еді. Барлық абаттандыру, көгалдандыру, тәртіп сақтау т.с.с жұмыстарды орындауда белсенді ауыл тұрғындары бар, тек соларды ұйымдастыру, біріктіру қажет. Әрбір комитет төрағалары жергілікті қоғамдастық мүшелері болу арқылы әкімшілікке зор демеуші болмақ.

Сонымен қатар, көше жарықтандыру мәселесіне баса назар аудару қажет. Себебі 31958,8 мың тенге қаражат жұмсалған, мұнда да ысырап бар, оның дәлелі Рысқұлбеков (Титова) көшесінде бір апта бойы күндіз-түні үздіксіз жарық жанып тұрғаны. Жеңістің 40 жылдығы көпесіндегі жарықтың жаз бойы 1 кварталда 1 ғана шамның жануы. Күнделікті тұрмыстық істерде әкімшілік өзіне қоғамдық мемлекеттік емес ұйымдарды топтастыру керек. Сонда ғана бақылау жұмыстары пәрменді, нәтижелі болады, - деп сөзін аяқтады.

Молдабеков Н.С. - Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Молдабеков Н.С. - Бұл мәселе бойынша сөз Қордай ауылдық округінің әкімі Ә.Қаспақбаевқа беріледі. Ә. Қаспақбаев анықтамалық көрсетілген кемшіліктерге нақты жауап берді. Жаманқозев Б.Т. - Құрманғазы көшесінде жарық жоқ, балалар мектепке барады, таксистер болса өз білгендерімен жүр, несіз ғимрат тұр, қараңғы.

Ә.Қаспақбаев - бұл мәселе бойынша ескерілетін болады, - деп жауап берді.

Батыров Қ. - Жәуін көшесіндегі көпір құлайды деді.

Жаманқозев Б.Т. - Фанзова көшесіндегі көпір де жарамсыз болып тұр деді.

Ә.Қаспақбаев - бұл көпір мәселесі округтің құзырына жатпайды, ол Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзырында екенін айтты.

Ағыбаев Е. - Чапаев көшесі канал жағалуында қоқыстардың көптігін айтты.

Ә.Қаспақбаев - бұл мәселе бойынша жұмыстар атқарылды. Қоқыстар тазаланды.

Әбділдаев Е. - Ескі полицияның жанындағы парк неге қоршалмайды?

Ә.Қаспақбаев - бұл паркте жоба бойынша қоршау қарастырылмаған.

Жаманқозев Б.Т., М.Мейірманова - балалар қауіпсіздіктің болуы қажет және жанында кафе «Райсай» орналасқан деді.

Ә.Қаспақбаев - қауіпсіздік шеңберінде жол знактарын қоятын боламыз, - деп жауап берді.

Осымен жарыс сөздер аяқталды. Молдабеков Н. Қордай ауылдық округінің әкіміне сұрақтарыңыз жоқ болса, Қолдарыңызда шешім жобасы бар, алып қосарларыңыз бар ма? Жок.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы

А.Алматаеваның анықтамасы назарға алынып,

Қордай ауылдық округінің әкімі Ә.Қаспақбаевқа:

Қордай ауыл округінде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру ұсынылсын, (көше комитеттерін қайта құрып, олармен жүйелі жұмыстар жүргізілсін);

- 1) ауыл округінің әлеуметтік-экономикалық дамуы басты назарда болуы;
- 2) жолдарға асфальт төсеу жұмыстарын ары қарай жалғастыру, бюджетке тиісті сұраныстар беру;
- 3) Мүгедектерге қолайлы орта құрылуына жүйелі жұмыстар жүргізу тапсырылсын;
- 4) ауылды абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды өз дәрежесінде ұйымдастыру;
- 5) жастармен жұмысты жандандыру, олармен әскери-патриоттық жұмыстарды күшейту, олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қасиеттерді орнықтыру мақсатында іс-шаралар жүргізу;
- 6) қоғамдық орындарда санитарлық-дезинфекциялық режим бойынша жұмысты күшейту;
- 7) Көшелерді жарықтандыру жұмыстары қадағалау ұсынылсын;
- 8) «Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылған мемлекеттік қызмет көрсетуде жіберілген кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмауды қадағаласын және тиісті папкілер мен журналдарды талапқа сай сәйкестендіруді қадағалау ұсынылсын;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уақытша жұмыста болмаған жағдайда әкімнің міндетін атқарушыға барлық функционалдық міндеттерін атқаруға және аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне зерделеуде кедергі жасағаны үшін жауапты мемлекеттік қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау ұсынылсын;
- 10) Осы шешімнің орындалуы барысы туралы ақпарат үстеміздің жылдың 1-ші желтоқсан айына берілісін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (төрайымы – А.Алматаева).

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша шешім қабылданды.

Молдабеков Н.С. - Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша «Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің 2025 жылдың 7 айдағы бөліммен көрсетілген мемлекеттік қызметтері бойынша атқарған жұмыстары туралы» Орақбай Ж баяндайды, - деді.

Ж.Орақбай өз сөзінде былай деді: «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес, мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі қағидаттарының бірі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі. Мемлекеттік қызметтердің сапалы әрі мерзімінде көрсетілуі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, күнделікті тыныс-тіршілігіне тікелей әсер ететіндігі белгілі.

Аудандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің басым көпшілігі, яғни 192 қызметтің түрі жергілікті атқарушы органдармен көрсетіледі.

«Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының» (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген) 56-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне (бұдан әрі – бөлім) мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында заңнама талаптарының сақталуына зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Бөліммен жалпы 9 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

Атап айтқанда: 1) Ауданаралық (облысшілік қалааралық), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастардағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобиль жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау;

2) Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруды келісу;

- 3) Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың және жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңіне жұмысқа әзірлік паспортын беру;
- 4) Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару;
- 5) Ағаштарды кесуге рұқсат беру туралы;
- 6) Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданиілілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту;
- 7) Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру;
- 8) Тұрғын үй сертификаттарын беру;
- 9) Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою (Ескерту: аталған қызмет түрі 2025 жылдың 24 мамырынан бастап Отбасы банкке өткен). 2025 жылдың 7 айы бойынша жалпы 35 мемлекеттік қызмет тіркелген. Оның ішінде, 12 өтінішке оң шешім берілген, 14-не бас тартылып, 2-і өтініш несімен кері қайтарылған. Сондай-ақ, 9 өтініш қаралуда.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 1) тармақнасына сәйкес көрсетілетін қызмет беруші мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге міндетті.

«Е-лицензия» ақпараттық жүйесінде бөлімнің бірінші басшылары мен жауапты мамандарының (іссапарда, кезекті еңбек демалысында, жалақысы сақталмайтын демалыста, еңбекке жарамсыздықта болған күндері) электрондық цифрлық қолтаңбасының үшінші тұлғалармен қолданылуына зерделеу жүргізілді. Оның нәтижесінде 1 заңбұзушылық анықталды («Ағаш кесуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша).

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармақнасына сәйкес, ЭЦҚ-ның жабық кілттері оларды заңды негіздерде иеленетін тұлғалардың меншігі болып табылады. Осыған орай, ЭЦҚ-ның жабық кілттерін басқа тұлғаларға беруге жол берілмейді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 640-бабының 6-тармағына сәйкес, басқа адамның ЭЦҚ-ның жабық кілтін пайдалану – жеке тұлғаларға елу, лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл (393 200 теңге) салуға әкеп соғады.

Дегенмен, бөлімнің басшысы А. Абсентов 2025 жылғы 17-18 шілде аралығында төлемақысыз демалысында болуына қарамастан, оның ЭЦҚ-сымен ақпараттық жүйе арқылы қызмет алушы Н. Сатованың 2025 жылғы 16 шілдедегі № KZ77RLQ00045277 өтінішіне 2025 жылғы 17 шілдедегі бөлім басшысының эцк пайдалана отырып, қол қойылғаны анықталды.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағы 6) тармақнасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектіңі бар адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйретуге міндетті.

Бөлімде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға пандус, арнайы қонырау орнатылған, сары жолақ жасалынған. Мемлекеттік қызметтерді көрсету саласы бойынша, кез-келген азаматты күтуге арналған орындықтар ыңғайластырылған.

Сонымен қатар, «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы орналастырылған, ол жерде арнайы компьютер, принтер, орындығымен ыңғайластырылған.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында жауапты маманның біліктілігін арттыру курстарына 2026 жылға жоспарға қойылған.

Жоғарыдағыларды баяндай келе, «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабы 1 бөлігінің 4 тармақнасына сәйкес келесі шараларды қабылдау **ҰСЫНЫЛАДЫ**:

- 1) анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;
- 2) мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

Молдабеков Н.С.: Кемшіліктер бойынша «Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы Байбек Е.С. жауап береді» делі.

Байбек Е.С.: Анықтамада көрсетілген кемшіліктердің орын алғанын растаймыз. Кемшілік жіберген мемлекеттік қызметкерлер жауапқа тартылды. Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етілетін болады. Ал жоғарыда көрсетілген көпірлер мәселесі бойынша ЖСҚ жасалып, бюджеттік өтінімге енгізілетін болады. Молдабеков Н. Тағы сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ болса, Қолдарыңызда шешім жобасы бар, алып қосарларыңыз бар ма? Жоқ.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақнасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің есебі назарға алынсын;

2. Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне:

- 1) анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

- 2) мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жаманғозов).


Күн тәртібінің 3-ші мәселесі бойынша шешім қабылданды.

Молдабеков Н.С.: Келесі әр түрлі мәселелер бойынша қыркүйек айында қоғамдық Кеңестің отырысында қаралатын мәселе Жамбыл облысы электр жүйесі ЖШС «Қордай АЭЖ», «Қазақ телеком» Қордай ауданы бойынша сату бөлімі, Қордай газ шаруашылықтарының 2025 жылға бекітілген тарифтері бойынша ақпараттары және жұмыстарын зерделеу – жауапты комиссия «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын дамыту мәселелері» жөніндегі комиссиясына, Е.Әбілдаевқа және көмекке қосымша «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия» төрайымы – Алматаева А.Т. зерделеу жүктелсін, деп Молдабеков Н.С. сөзін аяқтады.

Осымен күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Аудандық қоғамдық Кеңестің төрағасы Н.Молдабеков өз сөзін Қоғамдық Кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңес төрағасы

Қоғамдық кеңес хатшысы



Н.Молдабеков

Р.Имашева